

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР INTERNATIONAL RELATIONS МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ САЯСИ НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚЫРҒЫЗСТАН МЫСАЛЫ)

**Бауыржан
СИМАҒАМБЕТОВ***

гуманитарлық білім магистрі, докторант, Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану
факультетінің Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы,
Алматы, Қазақстан Республикасы, baurjan.s1@mail.ru

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-627
ӨОЖ 323.233
ҒТАХТК 11.15.84

Аңдатпа. Қазіргі уақытта заманауи қоғамда түрлі саяси наразылықтардың кеңінен таралуын байқауға болады. Бұл құбылыстар Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Қырғызстанда ерекше көрініс тапқан. Мақалада Қырғызстандағы 2020 жылғы саяси наразылықтардың теориялық және тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Зерттеу барысында сол елдегі наразылықтар туралы ғылыми әдебиет түрлі мәселелер бойынша жіктеліп, әлеуметтік сауалнамалар мен тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелеріне қайталама талдау жүргізілді.

Ғылыми жұмыста қырғыз қоғамының соңғы жылдардағы наразылықтар сараптамасы келтірілді. Осы зерттеу барысында саяси наразылықтардың себептеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, түрлі зерттеушілердің наразылық ерекшеліктері туралы пікірлеріне назар аударылды.

Түйін сөздер: саяси наразылық, Қырғызстан, қақтығыс, саяси партиялар, парламенттік сайлау.

JEL кодтар: F50

Abstract. Nowadays there is an increase in the number of political protests in modern society. In Central Asia these events are most visible in Kyrgyzstan.

This article examines the theoretical and practical aspects of the political protests in Kyrgyzstan in 2020. The scholarly literature on the protests in this country has been classified according to different issues. There was used a secondary analysis of the results of sociological research.

The publication describes the analysis of the recent years protests in Kyrgyz society. This research provides a detailed analysis of the reasons of political protests. Special attention was paid to the opinions of various researchers about the features of the protests in the country.

Keywords: political protests, Kyrgyzstan, conflict, political parties, parliamentary elections.

JEL codes: F50

Аннотация. В настоящее время в современном обществе наблюдается рост различных политических протестов. В странах Центральной Азии данные явления больше всего проявились в Кыргызстане.

В указанной статье рассматриваются теоретические и практические вопросы политических протестов в Кыргызстане 2020 года. В ходе исследования научная литература о протестах в данной стране классифицирована по различным проблемам, проведен вторичный анализ результатов социологических опросов и глубинных интервью.

В публикации проводится анализ протестов последних лет в кыргызском обществе. В ходе исследования были проанализированы причины политических протестов. Кроме того, было уделено внимание взглядам различных исследователей на их особенности.

Ключевые слова: политические протесты, Кыргызстан, конфликт, политические партии, парламентские выборы.

*Хат-хабарларға арналған автор: Б. Симағамбетов, baurjan.s1@mail.ru

JEL коды: F50

Кіріспе

2022 жылдың қаңтар айында болған Қазақстандағы оқиғалардан кейін қазіргі қоғамдағы саяси наразылықтар тақырыбына жаңа көзқараспен қарауға тура келеді. Осындай жағдайлардың тағы қайталанбауы мақсатында бүгінгі таңда саяси құбылыстарды жан-жақты зерттеу керек.

Бұл оқиғалардың пайда болуының себептерін, мән-жайын және салдарын түсіну үшін, заманауи қоғамдағы, соның ішінде, Орталық Азия елдерінде көрініс тапқан саяси наразылықтарды қарастыру қажет. Осы тақырыпқа Қырғызстанда болған 2020 жылғы қазандағы соңғы революция маңызды мысал бола алады.

Қырғыз қоғамында 2005 пен 2021 жылдар аралығында үш мәрте наразылықтар толқыны орын алған. Сонымен қатар, бұл оқиғалар Қырғызстандағы саяси наразылық түсінігінің біршама дамуына орасан зор әсерін тигізді.

Зерттеу әдістемесі

Көршілес мемлекеттегі тарихи жағдайларды сипаттайтын ғылыми еңбектердің айтарлықтай пайда болуына байланысты, зерттеу барысында шетел және қырғыз ғалымдарының XX-XXI ғасырлар кезеңіндегі Қырғызстандағы наразылықтар туралы әдебиеті түрлі мәселелер бойынша жіктелді.

Оған қоса, әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар негізінде наразылықтардың себептерін анықтау мақсатында жұмыс жасалды. Ғылыми жұмыс кезінде Халықаралық республикалық институттың (IRI), ACLED деректер базасының, басқа да жүргізілген қырғызстандық әлеуметтік сауалнамалардың зерттеу нәтижелеріне қайталама талдау жүргізілді.

Қырғыз қоғамында орын алған наразылықтарды талдау үшін салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Одан басқа, әлеуметтік база айқындалып, тақырыпты ашу мақсатымен қосымша жүйелі зерттеу әдістері пайдаланылды. Қырғызстанда болған қақтығыстар мен наразылықтардың ұқсастықтары және ерекшеліктері туралы сараптама жүргізуге әрекет жасалды.

Сонымен қатар, мақалада Г.Ө. Насимованың жетекшілігімен «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары мен трендтері (2020-2022)» ғылыми жобасы аясында жүргізілген тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері де пайдаланылған.

Әдеби шолу

Шетел ғалымдарының қырғыз қоғамындағы наразылықтар туралы ғылыми әдебиетіне назар аударсақ, соңғы 20 жыл ішіндегі жұмыстар ерекше көзге түседі.

Батыс және ресей зерттеушілері көбінесе саяси мәселелер мен процесстерге, соның ішінде саяси қауіптер мен тәуекелдерге үлкен көңіл аударған. Оған мысал ретінде Г.Хелфтың (*Helf, 2020*), Й.Энгваллдың (*Engvall, 2020*), А.О.Наумовтың (*2016*), А.Я.Нейматовтың (*2016*), Х.Кимнің (*2017*) Қырғызстандағы түрлі-түсті революциялардың қауіптері туралы ғылыми еңбектері бола алады. Өз кезегінде Н.А. Борисов (*2013*) Орталық Азиядағы, соның ішінде Қырғызстандағы, саяси режимдердің тұрақтылығы мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді.

Сонымен қатар, С.Фюрстенберг (*Furstenberg, et al., 2020*) пен Ф.Лотхольц осы елдегі наразылықтардың экономикалық және әлеуметтік сұрақтарын көтеруге тырысқан.

Одан басқа, Н. Мегоран мен К.А. Богатырев сияқты зерттеушілер Қырғызстандағы этносаралық қақтығыстарға ерекше мән берді.

Шетелдік теориялық әзірлемелер наразылық құбылысын зерттейтін қырғызстандық ғалымдардың еңбектеріне негіз болды. Дегенмен, саяси наразылық мәселесі Қырғызстандағы қазіргі саясаттану ғылымының аз зерттелген тақырыптарына жатады. Бұл кезеңді екі аралыққа бөліп көрсетуге болады.

Біріншісі 1960 жылдардың екінші жартысынан 1970 жылдардың ортасына дейінгі кезеңді қамтиды, бұл кезде ғалымдар Батыс қоғамындағы наразылық қозғалысына талдау жасады. Жұмыстың басым бөлігі таптық күрес пен әлеуметтік революция теориясына қарсы қойылған батыс концепцияларын сынаумен шектелді. Бұл кезеңде Қырғызстандағы

наразылық мәселелерін зерттеумен философтар айналысты, олардың ішінде ең алдымен А.А. Брудный, М.Байдалиев, С.Табышалиев, В.П. Шерсобинова болды.

Екінші кезеңге 1990 жылдардың аяғынан қазіргі уақытқа дейінгі аралықты жатқызуға болады. Бұл кезеңнің талдау шеңберінде ықтимал наразылық мінез-құлқын анықтайтын факторлар зерттеледі. Қырғызстандық ғалымдардың әзірлемелері шетелдік зерттеушілер наразылығының теориялық тұжырымдамаларына негізделген. Осы зерттеу бағытының әдіснамасы саласында келесі тенденцияларды бөліп көрсетуге болады.

1. Салыстырмалы депривация теориясы бойынша наразылықты зерттеудегі бағыттылық, мұнда әлеуметтік наразылықтың пайда болуының негізгі факторы жеке қанағаттанбау сезімі болып табылады. Бұл теорияға сәйкес, әлеуметтік топтардың қанағаттанбауы әлеуметтік шиеленістің көрсеткіші болып табылады және белгілі бір жағдайларда ашық наразылық тудыруы мүмкін.

2. Ресурстарды жұмылдыру теорияларының әртүрлі нұсқаларына, саяси процеске жүгіну тенденциясы пайда болады. Бұл «саяси» көзқарас наразылық білдіру ықтималдығын арттыратын негізгі факторлар айырумен емес, саясатқа араласумен және саяси шешімдерге әсер ету мүмкіндігімен байланысты деген болжамға негізделген.

Қ.Б. Базарбаев, Г.А. Биділдаева, А.Д. Дононбаев, А.А. Жүнісов сияқты қырғыз зерттеушілері саяси наразылықтың әр түрлі нысандары партиялар мен қозғалыстардың дамуына байланысты екенін атап өткен. Бұл ғалымдар азаматтық қоғам белгілерінің дамымауы саяси белсенділік пен саяси наразылықтың қалыптасуына кедергі жасайды деп есептейді.

Этникалық қозғалыстар мен соған байланысты этносаралық қақтығыстарды зерттеуге қырғыз этносоциологтары Н.А. Омуралиев пен О.А. Тогусяков қатысты. Бұл зерттеушілер этникалық қақтығыстар мен шиеленістер бойынша ауқымды бағдарламаны жүзеге асырды. Оның аясында Қырғызстанның әртүрлі аймақтарында қозғалыстар тұжырымдамалары әзірленді. Ғалымдар

зерттеу пәні ретінде «жеке этникалық қозғалыстарды: олардың себептері мен ұйымдастырушылық нысандарын» таңдады. Бұл тақырыпты көптеген зерттеушілер де қарастырды. Олардың арасында А.Т. Балтабаева, Т. Байчериков, С. Ибраимова, Д.А. Омукеева, Ж.Т. Нұрдинова, Т.Қ. Сарықов, С. Текенова, Ч. Чотаева бар.

1990 жылдардың басынан бастап қырғыз қоғамындағы әлеуметтік наразылық пен наразылық әлеуетінің көрсеткіштеріне эмпирикалық зерттеулер жүргізілді.

Республикалық ауқымдағы осындай алғашқы зерттеулердің бірін «Ел пікірі» қоғамдық пікірді зерттеу қызметі жүргізсе, кейін бұл бағытты «Азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» құқық қорғау орталығы әзірледі. Халықтың өз қаласында немесе ауданында жаппай наразылық акцияларын өткізу мүмкіндігі, сондай-ақ осы акцияларға қатысуға дайындығы сияқты субъективті көрсеткіштердің динамикасын зерттеуді «Қоғамдық пікір» қоры, «M-Vector» зерттеу консалтингтік компаниясы жүргізді. Ең ұзақ және егжей-тегжейлі уақыттық сараптама (1993 жылдың басынан бері ай сайынғы көрсеткіштерді өлшеу) Ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының басылымдарында қамтылған. Қырғызстандағы Әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығы қоғамдық пікірге тұрақты мониторинг жүргізу арқылы аймақтағы наразылық көңіл-күй динамикасының негізгі үрдістерін бақылайды.

Сонымен, шетелдік және қырғызстандық ғылымда наразылықтың үлгілері мен формаларын, наразылық белсенділігін қалыптастыру факторларын анықтаудың әртүрлі концептуалды бағыттары мен тәсілдері бар. Наразылық мінез-құлық мәселесі жақсы дамыған. Сонымен бірге бұл тақырыпты зерттеуде шешімін таппаған мәселелер де баршылық. Наразылық мінез-құлқы туралы қазіргі зерттеулердегі ең маңызды кемшіліктерге мыналар жатады:

- акциялардың белгілі бір түрлерін ғана зерттеу;
- наразылықтың бейбіт және зорлық-зомбылық нысандары арасындағы нақты айырмашылықтың болмауы;
- наразылық әрекетінің әртүрлі

түрлерін араластыру (митингтер, ереуілдер және басқа да наразылық акциялары бір реттегі құбылыстар ретінде қарастырылады);

- наразылық құбылыстарының себептері мен адамдарды бұл жағдайға итермелейтін мотивтері бойынша талдаудың жоқтығы.


Наразылықтардың себептері

Қырғыз қоғамындағы пайда болған соңғы наразылықтардың себептерін анықтау үшін сол кездегі ел ішіндегі ахуалды түсіну қажет.

2020 жылдың тамызында Халықаралық республикалық институты

(IRI) қазан айына жоспарланған парламент сайлауы қарсаңында елдегі негізгі мәселелер бойынша қоғамдық пікірді білу мақсатында Қырғызстанда ұлттық сауалнама жүргізді (*National Poll of Kyrgyzstan, 2020*).

Бұл сауалнамаға сәйкес Қырғызстандағы оптимизм жоғары деңгейде болмаған: ересектердің 41 пайызы ел дұрыс бағытта келе жатыр деп есептесе, 53 пайызы бұл оймен келісе алмады, 6 пайыз нақты жауап бермеді. Үкіметтің COVID-19-ға қарсы әрекетіне қанағаттанушылық деңгейі төмен мөлшерде (33 пайызы қанағаттанған, 67 пайызы қанағаттанбаған) болды.



1 сурет – 2020 жылы Қырғызстан халқы үшін ең маңызды мәселелер

Сонымен бірге, Қырғызстан үшін сол уақытта ең маңызды мәселелер қатарына жататындар: экономика, жұмыссыздық - 61 пайыз; COVID-19 / Коронавирус - 51 пайыз; сыбайлас жемқорлық - 49 пайыз; денсаулық сақтау - 38 пайыз; экономика / өмір сүру деңгейі - 25 пайыз; білім беру мәселесі - 24 пайыз; экономика / жалпы жағдай - 22 пайыз; экономика, кедейлік - 20 пайыз; әлеуметтік қызметтер, жәрдемақылар - 16 пайыз; көші-қон мәселелері - 15 пайыз.

Бұл көріністі «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары мен трендтері (2020-2022)» ғылыми жобасы аясында Г.Ө. Насимованың жетекшілігімен жүргізілген

сұхбаттардың нәтижелері де растайды. Атап айтқанда, қырғыз ғалымдары экономикалық факторды Қырғызстандағы наразылық әлеуетінің басты мәселесі ретінде қарастырады.

Маңызды мәселелер тізімінде ішкі қақтығыстар (13 пайыз), қылмыс пен қауіпсіздік (6 пайыз), сыртқы қақтығыстар мен соғыс (5 пайыз), лаңкестік (3 пайыз), шекара мәселелері (3 пайыз) де бар.

Қырғызстанда митингілер мен наразылықтар Орталық Азия аймағының көршілес елдеріне қарағанда әлдеқайда жиі өтеді (*Baisalov, 2021*). Осы жағдайды статистика да растайды, жыл сайын наразылық білдірушілер саны артып келеді. Дегенмен, бір наразылық

екіншісінен ерекшеленеді, сондықтан ең алдымен наразылық акцияларының бір-бірінен қалай ерекшеленетінін, олар елдің қай бөлігінде жиі өтетінін және жылдың қай мезгілінде ең көп болатынын көрсететін зерттеу қарастырылады.


Қырғызстанда азаматтардың бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы Қырғыз Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқық болып табылады. Бұл конституциялық құқық қырғыз азаматтарына әртүрлі қоғамдық іс-шараларда жиналуға және оларды өткізуге еркіндік береді. Ең бастысы, бұл құқықтың көмегімен адамдар ақпаратты еркін алу, өз пікірін еркін білдіру сияқты басқа да маңызды конституциялық құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Кейбір халықаралық құқық қорғау ұйымдарының өкілдері бейбіт жиналыстарды реттейтін заңдар Орталық Азияның басқа елдеріне қарағанда Қырғызстанда әлдеқайда либералды деп есептейді (*Риски в борьбе за справедливость и права человека в Центральной Азии, 2018*). 2012 жылы қабылданған Ассамблея туралы заң

биліктің алдын ала рұқсатынсыз жиналыстар өткізу құқығын қорғап, өкіметті жоспарланған және өздігінен бейбіт жиналыстарды қорғауға міндеттейді. Егер жиналыс мақсаты соғыс пен зорлық-зомбылықты насихаттау сияқты белгілі бір заңсыз міндеттерді алға жылжыту болса ғана билік жиналыстарға тыйым сала алады және қатысушылардың немесе басқа азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жиналыстардың уақытын немесе орнын шектей алады.

2018 жылдың қаңтарынан 2021 жылдың ақпанына дейінгі кезеңде, ACLED деректер базасы бойынша Қырғызстанда 1064 наразылық акциясы өтті. Солардың ішінде бейбіт наразылықтардың үлесі үлкен болып табылады.

Осындай түрдегі азаматтар ұйымдастырған наразылықтар экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелердің кең ауқымы бойынша өткізілді. Бұл уақыт аралығында республикада 700 бейбіт наразылық өтті, бұл деректер қорындағы барлық жазбалардың 65 пайызын құрайды.



2 сурет – Наразылық акциялары

Екінші орында көшедегі тәртіпсіздіктер мен зорлық-зомбылық шерулерінің барлық түрлерін қамтитын қоғамдық тәртіп бұзушылық тұр. Оқиғалардың бұл түрін талдайтын болсақ, онда бейбіт наразылықтар сияқты жергілікті нақты мәселе, жергілікті немесе

орталық үкіметтің жұмысына қанағаттанбау, тұрғындар мен жеке (шетелдік) компания арасындағы дау сияқты олардың түрлі себептері болуы мүмкін. Жалпы республика бойынша осындай 165 оқиға орын алған, бұл жалпы наразылық акцияларының 16 пайызын

құрайды.

Үшінші орында барлығы 118 оқиға немесе 11 пайыз қарусыз азаматтық тұлғаларға зорлықпен шабуыл жасауды қамтитын бейбіт тұрғындарға қарсы зорлық-зомбылық сияқты оқиға түрі орналасқан. Қырғыз ғалымдарының пікірінше, көбінесе бұл құқық қорғау органдары өкілдерінің қатыгездік пен азаптау әрекеттері болып табылады.


Рейтинг одан әрі стратегиялық оқиғалар, қарулы қақтығыстар және жарылыстар сияқты әрекеттермен толықтырылады. Стратегиялық оқиғаларға тонау, бейбіт келіссөздер, атышулы тұтқындаулар, аумақты зорлық-зомбылықсыз беру, мемлекеттік емес топтарға адам жалдау және т.б. кіреді, олар жалпы деректер жиынтығының шағын бөлігін құрайды.

Наразылық оқиғаларының басым бөлігі Бішкек қаласында орын алған. 2018-2021 жылдары ел астанасында 473 оқиға болды, бұл тіркелген жалпы санының 44

пайызын құрады. Бішкек елдегі ең үлкен қала болып табылады, сондықтан Қырғызстандағы ең маңызды оқиғалар осында өтеді.

Оқиғалардың түріне қарайтын болсақ, астанада негізінен әртүрлі мәселелерге байланысты бейбіт шерулер болды. Одан кейін, фактілер саны бойынша азаматтарға зорлық-зомбылық көрсету және қоғамдық тәртіпті жаппай бұзу, көшедегі тәртіпсіздіктер орын алған.

Наразылық білдірушілер саны бойынша екінші орында Өзбекстан және Тәжікстанмен шектесетін орталықтан ең шалғай орналасқан Баткен облысы тұр. Бұл облыс аумағында көршілес елдердің анклавтары, сондай-ақ шекараның келісілмеген учаскелері бар. Сондықтан, аталған аумақта қақтығыстар жиі байқалады. Статистика көрсеткендей, дәл осы Баткен облысында көршілес елдер әскерилерінің қатысуымен, негізінен Тәжікстанмен болған, 14 ұрыс оқиғасы тіркелді.



3 сурет - Аймақ бойынша наразылықтар

Үшінші және төртінші орындарда Ош және Жалалабад облыстары тұр. Екі аймақта шамамен ұқсас оқиғалар түрлері: бейбіт шерулер, көшедегі тәртіпсіздіктер, бейбіт тұрғындарға қарсы зорлық-зомбылық тіркелген. Наразылық акцияларының көпшілігі, соның ішінде зорлық-зомбылық, әлеуметтік-экономикалық сипатта және көбінесе тау-кен өнеркәсібімен байланысты болып келеді. Бұл облыстар да Баткен сияқты Қырғызстанның оңтүстігінде, яғни, Ферғана алқабында орналасқанына және


Өзбекстанмен ортақ шекараға ие болғанына қарамастан, 2018 жылдан бері екі елдің әскерилері арасында бірде-бір қақтығыс немесе шайқас болған жоқ. Өзбекстанда Шавкат Мирзиёев ұсынатын жаңа үкімет келгенге дейін бұл аймақтардағы шекаралық жағдай айтарлықтай күрделі, қақтығыстар ықтималдығы жоғары болды.

Наразылық оқиғаларының тығыздығы бойынша келесі орында Шу және Ыстыккөл облыстары тұр. Бұл аймақтарда бейбіт шерулер де оқиға түрі

бойынша алдыңғы қатарда келеді. Осы аудандарда да бірнеше әскери қақтығыс болды, мысалы, Шу облысында Қырғызстанның экс-президенті Алмазбек Атамбаевтың 2019 жылдың тамызында ұсталуына байланысты оқиға орын алды.

Тізімді 2018-2021 жылдар аралығында наразылық акциясының ең аз саны мен түрлері болған Нарын және Талас облыстары аяқтайды. Мәселен, Нарында үш жыл ішінде 47 наразылық акциясы болса, оның 37-сі бейбіт наразылық, 10-ы көшедегі тәртіпсіздіктер мен бүліктер.

Наразылық маусымдылығы туралы Қырғызстандағы төңкеріс пен саяси сілкіністердің 21-ғасырдағы тарихы көрсеткендей, елде көктем әрдайым тыныш бола бермейді. Әдетте жылдың осы мезгілінде түрлі сайлаулар өтіп, саясаткерлер көптеген келелі мәселелерге байланысты митингілерге жиналады. Бұл заңдылық саясаткерлер жазғы демалыстан кейін жұмысқа қайта оралған күз мезгіліне де қатысты. Елдегі соңғы билік ауысуы да 2020 жылдың қазан айындағы кезекті парламенттік сайлаудан кейін болды.



4 сурет - Наразылық маусымдылығы

ACLED деректер базасы да күзгі наразылық тенденциясын растайды: үш жылда күзде 327 түрлі оқиға болды. Митингтерге «ең бай» ай қазан болса (соңғы төңкерістің әсері болуы мүмкін), одан кейін қараша тұр. Күз мезгілінде жоғарыда көрсетілген уақыт аралығындағы барлық наразылықтардың 30 пайызы өтті.

Қыс мезгілі екінші орында орналасқан. Қыста 297 наразылық, ең көбі желтоқсанда (118 рет) және қаңтарда (108 рет) орын алды. Ақпан айында наразылықтар әлдеқайда аз өтті (72 жағдай), дегенмен бұл әдеттегі наурыздағыдан көп болып келеді.

Наразылық акцияларының жиілігі бойынша көктем үшінші орында тұр, оқиғалардың ең көп саны мамырда (91 рет), одан кейін сәуірде (85 рет) және наурызда (64 рет) болды. Бұл рейтингті саясаткерлер мен жалпы халық наразылық акцияларында ерекше белсенділік танытпайтын жаз мезгілі аяқтайды.

Шекаралық жағдай бойынша жоғарыда көрсетілгендей, атыстар мен түрлі қақтығыстар көбінесе Баткен өңірінде болып тұрады. Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы шекаралық қақтығыстар соңғы жылдары жиі орын алды, өйткені 971 шақырымдық шекаралық аймақтың жартысына жуығы даулы күйде қалып отыр, бұл жергілікті халық үшін біршама қиындықтар туғызуда.

Соңғы үш жылда қақтығыстардың көбі қырғыз шекарасындағы Ақ-Сай және Көк-Таш ауылдарының тұрғындары мен Ворух анклавның тәжікстандық тұрғындары арасында болды. Өкінішке орай, осы өңірлердің тұрғындары үшін атыс қаруын қолдану, тас лақтыру арқылы жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыру қазірдің өзінде үйреншікті жағдайға айналды.

Екі елдің шекаралық арасында адам шығынына әкелетін қарулы қақтығыстарға жиі қатысады. Бұл сондай-ақ Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы

дипломатиялық қайшылыққа әкеліп соқтырады. Екі тарап өкілдері бір-біріне наразылық ноталарын жіберіп, қақтығысты шешуге уәде береді.

Коронавирус пандемиясына қарамастан, Баткен облысында зорлық көрсету жалғасуда. Соңғы бір жылда атыс қаруын қолданумен байланысты кем

дегенде үш оқиға орын алып, екі жақтан зардап шеккендер болды.

Бүгінгі таңда екі жақтан да шекара дауларын бейбіт жолмен шешу туралы өтініш бар. Бірақ шекара мәселесін шұғыл шешу мүмкін емес және бұл жерде, ең алдымен, ымыраға келу керек.

1 кесте - Қырғызстан облыстарындағы 2018-2021 жылдардағы наразылықтар

	бейбіт наразылық тар	тәртіп бұзушылықтар	бейбіт тұрғынға қарсы зорлық-зомбылық	стратегиялық оқиғалар	қарулы қақтығыстар	жарылыстар
Бішкек	355	50	45	19	2	2
Баткен	64	16	40	9	14	
Ош	77	20	29	4		
Жалалабад	66	8	21	2		
Шу	48	8	20	3	4	
Ыстықкөл	40	12	8	8	2	
Нарын	37		10			
Талас	13	4	2	2		

Қырғызстан 2020 жылғы қазанда өткен парламенттік сайлаудан кейін ірі саяси наразылықтарды бастан кешірді. Алдыңғы екеуі 2005 жылдың наурызында және 2010 жылдың сәуірінде өтті. Сондықтан, Қырғызстан қазіргі уақытта саяси белгісіздік пен тұрақсыздық жағдайынан шығу жолдарын іздеуде.

2020 жылғы биліктің ауысуына әкеліп соқтырған жаппай халық наразылықтарының бастаулары мен себептерін шетелдік және отандық зерттеушілер әр түрлі қарастырады. Мысалы, кейбір ғалымдардың пікірінше, Қырғызстандағы наразылықтардың себебі саяси, экономикалық және әлеуметтік факторларға байланысты пайда болған қиыншылықтарда жатыр.

Жұмыссыздықтың өсуімен қатар жүретін пандемиямен күрес, көптеген шағын және орта бизнестің күйреуі және басқа да жағымсыз экономикалық салдарлар республика тұрғындарының негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді. Қырғыз қоғамының сыбайлас жемқорлық жанжалдарынан шаршауы басқарушы элитаның өкілдеріне қатысты болды. Осы жағдайларда партиялық немесе рулық негізде ғана емес, сонымен қатар саяси көзқарастар негізінде құрылған топтар арасында билік үшін күрес күшейе түсті.

Қырғызстан күрделі экономикалық дағдарысқа ұшырады. Қазіргі дағдарысты

өткен ғасырдың 90-жылдарының басындағы жағдаймен салыстыруға болады (Искандерова, 2021). Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитетінің мәліметтері бойынша республиканың Жалпы ішкі өнімі 2020 жылы 8,6 пайызға төмендеді, инфляция 9,7 пайыз құрады, негізгі капиталға инвестициялар 24,7 пайызға төмендеді.

Пандемия кезінде Қырғызстан бюджеттік шығындардың күтпеген өсуіне байланысты банкроттық жағдайға жақындады.

Басынан бастап республика билігі қатаң профилактикалық карантин енгізді, ол эпидемияның таралуын шектеу тұрғысынан тиімді болып шықты, бірақ 2020 жылдың жазында қатаң шектеулер жойылғаннан кейін мемлекет коронавирустан ауыр соққыға ұшырады. Маусым-шілде айларында ауру саны күніне бірнеше жүздеген адамды құрады, ал денсаулық сақтау жүйесі аурудың толқынына қарсы тұра алмады.

2020 жылдың 7 қазанындағы жағдай бойынша Қырғызстанда 48,1 мың адам коронавирустық инфекциямен тіркелген, өлім саны шамамен 1,1 мыңға жетті, тәуліктік өсімі күніне 300 адамды құрады. Республика тұрғындарының саны 6,5 млн. екенін ескергенде, жағдай көршілес Қазақстан мен Өзбекстанға қарағанда нашар көрінді (қазан айының басында 18,7 миллион адам тұратын Қазақстанда

коронавируспен 108 мың ауру тіркелді, 33,5 миллиондық Өзбекстанда науқастардың саны 60 мыңға жуық болды) (Ионова, 2020).

Екі айлық төтенше жағдай республика экономикасына ауыр соққы болды. Қырғызстан пандемияға дейін де еңбекке жарамды халықтың едәуір бөлігін жұмыспен қамтамасыз ете алмады. Шектеу шаралары, оның ішінде Ресей Федерациясындағы еңбек мигранттарына сұраныстың төмендеуі салдарынан, жұмыссыздардың санын көбейтті. Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша коронавирустың алғашқы үш айында елге 20 мыңнан астам еңбек мигранттары оралды. Азия Даму Банкінің (АДБ), Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы және Қырғызстанның Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық саясатты зерттеу институтының бірлескен болжамына сәйкес тамызда жарияланған болжам бойынша, елдегі жұмыссыздық деңгейі ең нашар сценарий бойынша жылдың соңына қарай 21 пайызға, ақша аударымдары 25 пайызға төмендеуі мүмкін.

Шағын және орта бизнес, атап айтқанда, жүк тасымалдау мен жеке тұлғалар үшін қазақ-қырғыз шекарасының жабылуына байланысты үлкен шығынға ұшырады. Жалпы алғанда, Қырғыз Республикасының негізгі серіктестері - ЕАЭО елдерімен сауда-саттығы айтарлықтай құлдырауға ұшырады: 2020 жылдың жеті айында жалпы тауар айналымы 2019 жылдың сол кезең деңгейімен салыстырғанда 1,3 млрд. долларды құрап, 17,9 пайызға, экспорт 23,5 пайызға, импорт 16,2 пайызға төмендеді. Нәтижесінде салық пен кедендік қызметтерден түсетін түсімдердің төмендеуі салдарынан ел бюджеті қатты зардап шекті, оны өкімет 30-33 миллиард сомға немесе 330 миллион долларға бағалады.

Қаржылық дағдарыстан өту үшін Қырғыз Республикасының Жоғарғы Кеңесі маусым айының басында бюджетке түзетулер қабылдап, бұл ағымдағы жылдың бюджет тапшылығын бастапқы жоспарға қарағанда бес есеге арттырды. Қайта қаралған бюджетте табыс 132,9 миллиард сомды (1,8 миллиард долларға

жуық), шығын - 170,6 миллиард сомды (2,3 миллиард долларға жуық) құрады. Осылайша, жыл соңына дейін бюджет тапшылығы өте жоғары деңгейде - 37,7 млрд. сом немесе жалпы шығындардың 22 пайызы шамасында жоспарланған.

Республиканың ЖІӨ-не келетін болсақ, ресми деректерге сай сегіз айдың қорытындысы бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,9 пайыз төмендеді. Сонымен бірге, АДБ, БҰҰДБ және Қырғыз Республикасының Экономика министрлігінің зерттеулері оның жыл соңына дейін 10 пайыз құлдырау мүмкіндігін қарастырды. Экономиканың ең осал салалары туризм, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және құрылыс деп аталды.

Осы секторлардың әрқайсысында жалпы қосылған құнның төмендеуі, зерттеу авторларының пікірінше, 20 пайыз немесе одан көп болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда Қырғыз Республикасының билігі шұғыл түрде несие берушілермен сыртқы қарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру туралы келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. 2020 жылғы мамыр айының соңында президент С.Жәэнбеков Коронавирус дәуіріндегі қаржыландыру жөніндегі халықаралық форумда Қырғызстанның сыртқы қарызын денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау және азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ішкі жобаларға айналдырып, оны «терең қайта құруға» шақырды. Мамыр және маусым айларында Сауд Арабиясы, Кувейт, Франция, Германия, Дания, Жапония және Оңтүстік Кореяның тәуелсіз байлық қорларымен қарызды қайта құрылымдау туралы келісімдер жасалды. Түркиямен, Әбу-Даби Даму Қорымен және Қытайдың Экспорттық-Импорттық Банкімен келіссөздер жүргізілді, оның үлесіне елдің сыртқы қарызының жартысынан азы (1,8 млрд. доллар) келеді.

Алайда, экономикалық жағдайдың одан әрі нашарлауы жағдайында билік жаңа қарыз ала бастады. Мысалы, Азия Даму Банкі республикаға негізінен денсаулық сақтаудың шұғыл қажеттіліктері үшін 1,1 миллиард доллар берді. Қарыздар бюджеттік қызметкерлерге жалақы төлеуге, астық сатып алуға, халықты әлеуметтік

көмекпен қамтамасыз етуге жұмсалды. Нәтижесінде, бірінші жарты жылдың соңында Қырғыз Республикасының сыртқы қарызы 2018 жылдың басынан бастап 4,1 миллиард доллар рекордтық деңгейге жетті.

Дегенмен, оппозицияның жаппай наразылық акциялары және олардың Бішкек орталығындағы үкіметтік ғимараттарды тез басып алуы 4 қазанда болған парламенттік сайлау нәтижелерімен келіспеу әсерінен болды. Бұрынғы президент Сооронбай Жээнбековтің басты қателігі Қырғыз Республикасының Жоғарғы Кеңесін толық бақылауға алу және басқа аймақтық саяси күштері өкілдерінің оған кіруіне жол бермеу әрекетінен байқалады. Нәтижесінде парламентке оңтүстік топтардың (рулардың) көпшілігін білдіретін президентке адал үш саяси күш кірді. Алайда келесі күні-ақ биліктің бұл тәсілімен келіспеген партиялар наразылық білдіріп, үкіметті құлатты (*Притчин, 2020*).

Бұл науқанның ерекшелігі пандемияға байланысты Ресей мен Қазақстаннан жұмыстан оралуға мәжбүр болған гастарбайтерлердің сайлау процесіне қатысуында болды. Олардың қатысуы бүкіл сайлау циклына әсер етті. Барлық тұрғындардың 7 миллионының 1 миллионнан астамы жыл сайын жұмыс үшін елден кететіні белгілі.

Осы жылғы парламенттік науқанға жастар алғаш рет белсенді қатысты, бірақ Қырғызстандағы сайлаудың барлық басқа сипаттамалары өзгеріссіз қалды. Бұл кезде елдің заманауи қоғамы сайлау процесінің бұрыннан қалыптасқан үлгісінің жаңа идеялармен соқтығысуының куәсі болып отыр. Осы қақтығыс нақты нені білдіретінін алдағы жылдар көрсетеді.

Өзірге Қырғызстанда 2005 және 2010 жылғы сценарийдің қайталануын көруге болады. Сайлау саяси дағдарысты бастайды. Халықтың саяси белсенді бөлігі оның нәтижелерін мойындамай, қоғамда наразылықтар пайда болады. Соңында ел басшысы қызметінен босатылады (2005 жылы - Асқар Ақаев, 2010 жылы - Құрманбек Бакиев, ал 2020 жылы Сооронбай Жээнбеков орнын босатты). Кейбір пікірлерге сәйкес, елдің солтүстік және оңтүстік бөліктерге бөлінуі осындай жағдайдың бір себебі болды. Бірақ

аймақтық сәйкестілік әрқашан маңызды бола бермейді. Мысалы, қазіргі ел басшысы Садыр Жапаров өзінің саяси мансабын Бакиевтің кеңесшісі ретінде бастады. Осыған қарамастан, бұл «солтүстік - оңтүстік» үлгісі әлі күнге дейін ресми түрде сақталған. С. Жээнбековтің (оңтүстік тұрғыны) орнына С. Жапаров (солтүстіктен) келді.

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл мәселеде Қытайдан солтүстікке жүк транзиті, алтын кеніштері және басқа пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ есірткі саудасы ескерілу керек.

Қазіргі ел басшысының мансабын мұқият зерттегенде, оның жақтастары 2012 және 2013 жылдары алтын кеніштерінің бір бөлігін мемлекет меншігіне алуды талап еткенін байқауға болады. Осы талаптардың арқасында оның Ыстық Көл тұрғындары арасында танымалдығы едәуір өсті.

Алайда, Бішкектегі биліктің кез-келген өзгерісі дерлік өзбек диаспорасының (халықтың 14 пайызы) тығыз өмір сүретін елдің оңтүстігіне әсерін тигізеді. Мұнда биліктің әлсіреуі және тұрақсыздандыру нәтижесінде пайда болатын ұлтаралық қақтығыстар ауқымды зорлық-зомбылыққа әкелуі мүмкін. Ұқсас оқиғалар 2010 жылы болған, онда 900 адам, көбінесе этникалық өзбектер зардап шеккен.

2005 және 2010 жылдардағы төңкерістер нәтижесінде жаңа конституциялар қабылданды. Атап айтқанда, 2010 жылдан кейін парламенттік-президенттік республиканы құру басталды. Конституциялық реформалар олардың ел басқарудағы саяси белгісіздік үлесін енгізді. Осыған қарамастан, көп партиялы жүйенің және күшті парламенттің қағидаттарын нығайтудың арқасында демократиялық процедуралар қырғыз саяси мәдениетінің бір бөлігіне айналды. Елдегі демократия үшін негізгі проблемалар мен қиындықтар кедейлік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық, қылмыстық топтардың үстемдігі және сыртқы ойыншыларға тәуелділік болып қала берді.

2020 жылы да сайлау нәтижелері президент С. Жээнбековтің өз орнынан кетуімен аяқталған жаппай наразылықтарды тудырды (*Putz, 2020*). Одан басқа, 2021 жылдың қаңтар айында

жаңа президент болып С. Жапаров сайланды, ал Қырғызстан он жылдық парламенттік жүйе тәжірибесінен кейін қайта президенттік басқару жүйесіне оралды (Putz, 2021).

2021 жылдың сәуір айында референдумда қабылданған Қырғызстанның Конституциясына сәйкес, енді парламент 90 депутаттан тұрады және 5 жыл мерзімге сайланады. Жоғарғы Кеңес депутаттарын сайлау тәртібі конституциялық заңмен айқындалады.

2021 жылдың тамызында президент пен депутаттарды сайлау туралы конституциялық заң күшіне еніп, Қырғызстанның парламент өкілдерін сайлаудың жаңа тәртібі қарастырылды. Бұл конституциялық заңға енгізілген түзетулерге сәйкес, Жоғарғы Кеңес депутаттарының сайлауын аралас сайлау жүйесі бойынша өткізу көзделген.

Осылайша, парламенттің елу төрт депутаты пропорционалды жүйе бойынша (саяси партиялар үміткерлерінің ашық тізімдері бойынша), отыз алты депутат бір мандатты сайлау округтерінде мажоритарлық жүйе бойынша сайланады.

Одан басқа, жеті пайыздық сайлау шегі бес пайызға дейін түсті, ал кепіл сомасы бес миллионнан бір миллион сомға дейін төмендетілді (Карабеков, 2021).

Қорытындылай айтқанда, 2020 жылдың қазан айында Қырғызстандағы үкіметтің күшпен ауысуын коронавирус тудырған бұрын-соңды болмаған сыртқы күйзеліс жағдайында біріктірілген әр түрлі оқиғаның үйлесімі деп түсінуге болады (Doolotkeldieva, 2021).

Біріншіден, азаматтардың наразылығына пандемияға байланысты экономикалық құлдырау және сайлаудағы алаяқтық себеп болды.

Одан басқа, ішкі оппозициялық

күрестердің әсерлі дамуы олигархиялық процестің маңыздылығын төмендетеді. Дәл осы соңғы жағдай қазіргі мемлекет басшылығын күшті президенттікке және плюрализмнен бас тартып, конституциялық өзгерістер жасау жағына итермеледі.

Қорытынды

Қырғызстанда 2020 жылғы қазан айындағы саяси наразылықтардың басталуына көптеген себептер әсер етті деп айтуға болады. Олардың қатарында түрлі әлеуметтік және экономикалық факторлар бар.

Сонымен қатар, 2020 жылғы наразылықтардың 2005 пен 2010 жылдардағы екі үлкен қақтығысқа ұқсастығымен бірге, қырғызстандық қоғамның өзгеруіне байланысты біршама өзіндік ерекшеліктер де орын алды.

Қырғыз қоғамында болған наразылықтардың ортақ сипаттарына келесілерді жатқызуға болады: ұқсас әлеуметтік экономикалық себептер, мемлекет басшыларының ауысуы, конституцияға өзгертулер енгізілуі.

Ал 2020 жылғы құбылыстардың ерекшеліктерінде, кейбір ғалымдардың ойынша: Covid-19 пандемиясы салдарының әсері, Қырғызстан жастарының саяси өмірге белсендірек араласуы, қоғамда қалыптасқан наразылық мәдениетінің кейбір элементтері көрініс тапты.

Дегенмен, қырғызстандық заманауи қоғам саяси наразылықтардан шаршады деуге болады. Алайда, жоғарыда келтірілген соңғы жылдардағы өткен наразылықтар бойынша жасалған зерттеу нәтижелеріне сәйкес, орта мерзімді болашақта аталған аймақта жаңа саяси наразылық туындау ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Baisalov, E. (2021). Analysis of the Protests in Kyrgyzstan: How Do They Differ From Each Other? *Central Asian Bureau for Analytical Reporting*. <https://cabar.asia/en/analysis-of-the-protests-in-kyrgyzstan-how-do-they-differ-from-each-other>
- Doolotkeldieva, A. (2021). The 2020 Violent Change in Government in Kyrgyzstan Amid the Covid-19 Pandemic: Three Distinct Stories in One. *Between Peace and Conflict in the East and the West*. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-77489-9_8
- Engvall, J. (2020). Kyrgyzstan's Third Revolution. *Central Asia - Caucasus Analyst*. <https://www.cacianalyst.org/publications/analytical-articles/item/13643-kyrgyzstan%E2%80%99s-third-revolution.html>

- Furstenberg, S., Botoeva, G. (2020). Political unrest in Kyrgyzstan: between old and new hopes. *Foreign Policy Centre*. <https://fpc.org.uk/political-unrest-in-kyrgyzstan-between-old-and-new-hopes/>
- Helf, G. (2020). In Kyrgyzstan, It's Easier to Start a Revolution than to Finish It. *United States Institute of Peace*. <https://www.usip.org/publications/2020/10/kyrgyzstan-its-easier-start-revolution-finish-it>
- National Poll of Kyrgyzstan. (2020). *International Republican Institute*. https://www.iri.org/wp-content/uploads/legacy/iri.org/kyrgyzstan_august_2020_slides_public_release.pdf
- Putz, C. (2021). Kyrgyzstan: A Year Since October 2020. *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2021/10/kyrgyzstan-a-year-since-october-2020/>
- Putz, C. (2020). Kyrgyzstan Punts on Elections to Pursue Constitutional Reforms. *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2020/10/kyrgyzstan-punts-on-elections-to-pursue-constitutional-reforms/>
- Борисов, Н.А. (2013). Проектирование национальных идеологий и проблемы стабильности политических режимов (случай Узбекистана и Кыргызстана). *Политика и Общество*, 4, 418-427. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=-24260
- Ионова, Е. (2020). О смене власти в Киргизии. *Россия и новые государства Евразии*, 4(49), 73-86. https://www.imemo.ru/files/File/magazines/rossia_i_novay/2020_04/12.IIONOVA.pdf
- Искандерова, А. (2021). Ситуация в Кыргызстане: основные итоги 2020 года и перспективы на 2021 год. Институт исследований Центральной Азии. <https://central-asia.institute/situacziya-v-kyrgyzstane-osnovnye-itogi-2020-goda-i-perspektivy-na-2021-god/>
- Карабеков, К. (2021). Киргизия выберет по-новому. *Коммерсантъ*. <https://www.kommersant.ru/doc/5052739>
- Ким Х. (2017). Анализ «государственной состоятельности» Кыргызстана с использованием индекса хрупкости государств. *Политика и Общество*, 6, 60-70. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=23104
- Наумов, А.О. (2016). «Цветные революции» как угроза государственному суверенитету. Опыт Кыргызстана. *Мировая политика*, 2, 36-45. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=17599
- Нейматов, А.Я. (2016). Риски и угрозы цветной революции в Кыргызстане. *Политика и Общество*, 9, 1227-1232. https://nbpublish.com/library_get_pdf.php?id=38322
- Притчин, С. (2020). Революция без бархата и роз: чем грозит Киргизии третий государственный переворот. *Forbes.ru*. <https://www.forbes.ru/biznes/410815-revoljuciya-bez-barhata-i-roz-chem-grozit-kirgizii-trety-gosudarstvennyy-perevorot>

REFERENCES

- Baisalov, E. (2021). Analysis of the Protests in Kyrgyzstan: How Do They Differ From Each Other? *Central Asian Bureau for Analytical Reporting*. <https://cabar.asia/en/analysis-of-the-protests-in-kyrgyzstan-how-do-they-differ-from-each-other>
- Doolotkeldieva, A. (2021). The 2020 Violent Change in Government in Kyrgyzstan Amid the Covid-19 Pandemic: Three Distinct Stories in One. *Between Peace and Conflict in the East and the West*. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-77489-9_8
- Engvall, J. (2020). Kyrgyzstan's Third Revolution. *Central Asia - Caucasus Analyst*. <https://www.cacianalyst.org/publications/analytical-articles/item/13643-kyrgyzstan%E2%80%99s-third-revolution.html>
- Furstenberg, S., Botoeva, G. (2020). Political unrest in Kyrgyzstan: between old and new hopes. *Foreign Policy Centre*. <https://fpc.org.uk/political-unrest-in-kyrgyzstan-between-old-and-new-hopes/>
- Helf, G. (2020). In Kyrgyzstan, It's Easier to Start a Revolution than to Finish It. *United States Institute of Peace*. <https://www.usip.org/publications/2020/10/kyrgyzstan-its-easier-start-revolution-finish-it>
- National Poll of Kyrgyzstan. (2020). *International Republican Institute*. https://www.iri.org/wp-content/uploads/legacy/iri.org/kyrgyzstan_august_2020_slides_public_release.pdf
- Putz, C. (2021). Kyrgyzstan: A Year Since October 2020. *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2021/10/kyrgyzstan-a-year-since-october-2020/>
- Putz, C. (2020). Kyrgyzstan Punts on Elections to Pursue Constitutional Reforms. *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2020/10/kyrgyzstan-punts-on-elections-to-pursue-constitutional-reforms/>
- Borisov, N.A. (2013). Proektirovanie nacional'nyh ideologii i problemy stabil'nosti politicheskikh rezhimov (sluchaj Uzbekistana i Kyrgyzstana). *Politika i Obshchestvo*, 4, 418-427. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=-24260. (In Russian).
- Ionova, E. (2020). O smene vlasti v Kirgizii. *Rossija i novye gosudarstva Evrazii*, 4(49), 73-86. https://www.imemo.ru/files/File/magazines/rossia_i_novay/2020_04/12.IIONOVA.pdf. (In Russian).
- Iskanderova, A. (2021). Situacija v Kyrgyzstane: osnovnye itogi 2020 goda i perspektivy na 2021 god. *Institut issledovanij Central'noj Azii*. <https://central-asia.institute/situacziya-v-kyrgyzstane-osnovnye-itogi-2020-goda-i-perspektivy-na-2021-god/>. (In Russian).

- Karabekov, K. (2021). Kirgizija vyberet po-novomu. *Kommersant*. <https://www.kommersant.ru/doc/5052739>. (In Russian).
- Kim H. (2017). Analiz «gosudarstvennoj sostojatel'nosti» Kyrgyzstana s ispol'zovaniem indeksa hrupkosti gosudarstv. *Politika i Obshhestvo*, 6, 60-70. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=23104. (In Russian).
- Naumov, A.O. (2016). «Cvetnye revoljucii» kak ugroza gosudarstvennomu suverenitetu. Opyt Kyrgyzstana. *Mirovaja politika*, 2, 36-45. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=17599. (In Russian).
- Nejmatov, A.Ja. (2016). Riski i ugrozy cvetnoj revoljucii v Kyrgyzstane. *Politika i Obshhestvo*, 9, 1227-1232. https://nbpublish.com/library_get_pdf.php?id=38322. (In Russian).
- Pritchin, S. (2020). Revoljucija bez barhata i roz: chem grozit Kirgizii tretij gosudarstvennyj perevorot. *Forbes.ru*. <https://www.forbes.ru/biznes/410815-revoljuciya-bez-barhata-i-roz-chem-grozit-kirgizii-tretiy-gosudarstvennyj-perevorot>. (In Russian).

FEATURES OF POLITICAL PROTESTS IN MODERN SOCIETY (THE CASE OF KYRGYZSTAN)

Bauyrzhan SIMAGAMBE TOV, master of International Relations, PhD student, Department of Political Science and Political Technologies of the Faculty of Philosophy and Political Science of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan, baurjan.s1@mail.ru.

ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОТЕСТОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ (НА ПРИМЕРЕ КЫРГЫЗСТАНА)

Бауыржан СИМАГАМБЕТОВ, магистр гуманитарных знаний, докторант, кафедра политологии и политических технологий факультета философии и политологии Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан, baurjan.s1@mail.ru